

Алматы облысы, Алакөл ауданының ӘКІМДІГІ

ҚАУЛЫ

2017-жылғы 24.02.

№ 44

Үшарал қаласы

**Бәсекелестік ортаға беруге  
жататын коммуналдық  
меншіктегі нысандардың  
тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV Заңының 18-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 қаулысына, сондай-ақ Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 ақпандағы №82 қаулысына сәйкес, Алакөл ауданының әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бәсекелестік ортаға беруге жататын коммуналдық меншіктегі нысандардың тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының қосымшасында көрсетілген аудандық коммуналдық меншіктегі жекешелендіруге жататын нысандарды сату, тендер негізінде жүргізілсін.

3. Алакөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 07 шілдедегі №193 қаулысының күші жойылсын.

4. «Алакөл аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі коммуналдық меншіктегі нысандар бойынша жекешелендіру жұмыстарын бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерді жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д. Қанағатовқа жүктелсін.

Аудан әкімі



Ә. Жақанбаев

Алакөл ауданы әкімдігінің  
2017 жылғы «24» 02  
№ 44 қаулысына  
қосымша

**2016-2020 жылдары аралығында тендер арқылы жекешелендіруге  
жататын коммуналдық меншіктегі нысандардың тізбесі**

№ р/с	Нысанның аталуы	Орналасқан жері	Нысандарды жекешелендіру жұмыстарын жүргізуге уәкілетті аудандық мемлекеттік органдары	Жекешелендіру мерзімі
1	Алакөл ауданы әкімдігінің « Достық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Алакөл ауданы, Достық ауылы, Алибаева көшесі, 18-үй	Алакөл ауданының әкімдігі	2017 жыл
2	«Алакөл Геосаулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 91 В-үй	Алакөл ауданының әкімдігі	2017 жыл
3	«Үшарал көркейту» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, Момышұлы көшесі, 207-үй	Алакөл ауданының әкімдігі	2017 жыл
4	Алакөл ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Үйгентас» мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорны	Алакөл ауданы, Қабанбай ауылы, Абылайхан көшесі, 237-үй	Алакөл ауданының әкімдігі	2017 жыл
5	Алакөл ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алакөл су құбыры» мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорны	Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, Абай көшесі, 7-үй	Алакөл ауданының әкімдігі	2017 жыл

Қаржы бөлімінің басшысы



Ж. Көкенова